

Сабақтың тақырыбы: Тіл туралы білім. Сөз тіркестері

Сабақтың мақсаты: Тіл туралы білімдерін шыңдау. Мәтінді талдау. Сөз тіркестерін қайталау

Синтаксис

(грек. “құрастыру”)- сөз тіркесі мен сөйлемді зерттейтін тіл білімінің саласы.

Сөз тіркесі

**Есімді
сөз тіркесі**

**Етістікті
сөз тіркесі**

Сөз тіркесі

**Жай
сөйлем**

**Құрмалас
сөйлем**

Сөз тіркесі (орыс. словосочетание) деп толық мағыналы екі я бірнеше сөздің бір-біріне тұлғалық әрі мағыналық жағынан бағына байланысуын атаймыз. [1]

Мысалы: *Қайрат балаларға Досанмен болған әңгіменің мән-жайын баяндады* деген сөйлемдегі сөздер мына сияқты тіркестерден құралған:

1. *Қайрат балаларға;*
2. *балаларға Досанмен;*
3. *Досанмен болған;*
4. *болған әңгіменің;*
5. *әңгіменің мән-жайын;*
6. *мән-жайын баяндады.*

Мұнда әрбір сөз өзін керек қылған, қажет етіп тұрған сөзбен ғана байланысқан. Сөздердің мағыналық байланысын сұрау қою арқылы табамыз.

Сөйлем

- ▶ **Сөйлем** - біршама аяқталған ойды білдіретін сөздер, я сөздер тобы. ^[1]
- ▶ Тиянақталған ойды ауызша да, жазбаша да білдіруге болады. Ауызекі сөйлеуде сөйлем мен сөйлемнің арасында кідіріс (пауза) болады. Жазуда бір сөйлем екінші сөйлемнен нүкте, сұрау және леп белгілерінің бірімен айырылады.
- ▶ Сөйлемдер айтылу мақсатына және дауыс ырғағына қарай **хабарлы, сұраулы, лепті, бұйрықты** болып төртке бөлінеді.

Шағын мәтінді оқып, ойға қатысты артық сөйлемді алып тастаңыздар. Мәтінге ат қойыңыз.
Сөз тіркестерінің астын сызыңыз

Тіл - ұлттың жаны. Ал ұлттың болашағы - оның ана тілі. Тіл - халықпен бірге өмір сүріп дамиды, әр ұлттың тілі - оның бақыты мен тірегі. *Ал біздің халқымызда атамекенді ардақтау сезімі өте терең деп ойлаймын.* Елбасы Н.Ә.Назарбаев халықтың болашағы туралы тереңнен толғай отырып, «мемлекеттің ең басты дүниесі тек ғана байлық емес, сонымен қатар ана тіліміздің болашағы» деген болатын.

- ▶ Мәтіннің қандай жанрлық түрлерін білесіздер?

Аты аңызға айналған батыр атамыз Б.Момышұлының хатының мазмұнымен танысыңыздар. 2 сөйлемге талдау жасаңыз

Бауыржан Момышұлының Қазақ ССР Коммунистік партиясының хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықовқа

(Б. Момышұлының хаты 15-25.02.1944 ж. Алматы.)

Қазақстан астанасы Алматыға келіп, аз уақыт болғанымда, үстірт байқау мен болжаулар ауыр ойға салып, көп толғандты. Олардың біреуі ішіме сияр емес.

Сізге айтпай кетсем, өмір бойы көңілім тынар емес. Ойдағыны айтып кетуді міндетім деп біліп, кеселханада жатқанда бос уақытымды пайдаланып, осы хатты сізге жазып отырмын.

«Алматыға келгелі орталық «Социалистік Қазақстан» газетін оқып, кейбір кейінгі кезде басылған қазақ тіліндегі кітаптарды желе-жорта қарап шығып, күннен-күнге ұлғайып, шымшытырық болған «тіл шұбарлығын» көзбен көре, құлақпен ести отырып, дәтім шыдамай жазайын деп отырғаным тіл мәселелері туралы.

Тілсізді айуан дейді. Тілі кедей елді мәдениетсіз, анайы, надан халық деп санайды. Тіл – адам баласының негізгі қасиеті болғандықтан, тіл байлығы елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми-әдебиетін, өнеркәсібін, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәтүрінің – бай мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелді мөлшері (мерило).

Тілдің көмегімен өнер-білімге, мәдениет-ғылымға жетіп, өткен-кеткенмен әлемді танытамыз, сөйлейміз, оқимыз, жазамыз өз басымызды, үй-ішімізді, қоғам-халықты, ел-жұртты, мемлекетті меңгереміз, сондықтан «Өнер алды –қызыл тіл» дегендейін, адам баласының байлығында тілден артық не бар?